



ПРЕЗИДЕНТ ТМҰ-ға МҮШЕ ЕЛДЕРДІҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ТМҰ-ға МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ТҮРКІ ЕЛДЕРІ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ВЕДОМСТВОЛАРЫ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ. ЖИЙНҒА ӨЗЕРБАЙЖАН, ТҮРКИЯ, ӨЗБЕКСТАН, ҚЫРҒЫЗ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАЛАРЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

Президент түркі елдерінің ынтымақтас-тығы жылдан жылға нығайып келе жатқанын айтты. Себебі біздің тарихымыз – тамырлас, тіліміз бен дәстүріміз – ұқсас, мүддеміз – ор-тақ.

– Біздің достығымызды бекемдей түсуге Түркі мемлекеттері ұйымы зор үлес қосуда. Қазақстан бұл беделді құрылыммен жан-жақ-ты ықпалдастықты нығайтуға баса мән беріп отыр. Ұйымға мүше елдер түрлі саладағы,

соның ішінде күштік құрылымдар арасында-ғы өзара байланысын күшейтіп келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Ішкі істер министрлерінің кездесуі айрықша маңызды екені сөзсіз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазір әлемде ау-қымды өзгерістер болып жатқанына, дүние-жүзінде сын-қатерлер көбейгеніне назар ау-дарды.

– Жаһандық ахуал тұрақсыз, құбылмалы сипатқа ие болды. Соған қарамастан, күллі әлем елдері үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылуда. Заман талабына сай өркениетті елдер қатарында боламыз десек, шапшаң әрі ширақ қимылдау қажет. Осы мақсатпен Қа-зақстанда түбегейлі реформалар жүзеге асы-рылды. Наурыз айында елімізде жалпыұлттық референдум өтті, Конституция қабылданды. Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, Заң мен тәртіпті қамтамасыз ету мемлекетіміздің мызғымас қағидатының бірі ретінде айқындалды. Конс-титутцияға сәйкес, елімізде жаңа саяси лауа-зым – Вице-Президент тағайындалды. Үкі-

меттің жаңа құрамы жұмысқа кірісті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекеттік басқару мен қауіпсіздікті сақтау құрылымындағы рефор-маларға тоқталды.

– Атап айтқанда, жаңа мемлекеттік орган – Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты құ-рылды. Бұл мекеме жаһандық және мемле-кеттік ауқымдағы сын-қатерлерге жан-жақты талдау жүргізеді, ұлттық қауіпсіздік саласын-дағы жұмысты үйлестіреді. Сонымен қатар көп ұзамай жоғары консультивтік орган – Қазақстан Халық Кеңесі жасақталады. Осы-лайша, еліміздегі билік тармақтары тұтастай жаңаруда. Ауқымды өзгерістер барлық са-ланы, соның ішінде құқық қорғау саласын да қамтиды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу соңында Президент туыстас мем-лекеттердің басшыларына ыстық ықыласын жолдап, түбі бір түркі елдері әрдайым достық қарым-қатынаста болуға тиіс екенін атап өтті.

Сондай-ақ іс-шарада Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Қубанычбек Омұра-лиев сөз сөйледі.

Сакит МАМЕДОВ:

СУРЕТШІ ӨЗ СТИЛІН АЗАППЕН, ІЗДЕНІСПЕН ҒАНА ТАБАДЫ



ЖУЫРДА АЛМАТЫҒА ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ДАҢҚТЫ ПЕРЗЕНТІ, ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ӨЗЕРБАЙЖАН СУРЕТШІСІ САКИТ МАМЕДОВ АРНАЙЫ КЕЛІП КЕТТІ. САПАР БАРЫСЫНДА КӨРНЕКТІ АҚЫН, ОЙШЫЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ ОЛЖАС СУЛЕЙМЕНОВПЕН КЕЗДЕСІП, ЕКЕУАРА РӨУІШТІ ӨНГІМЕ ӨТКІЗГЕНІН БАСПАСӨЗ ҚҰРАЛДАРЫ ЖАРЫСА ЖАЗДЫ. БҰЛ КЕЗДЕСУ ЕКІ ЕЛ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ОҚИҒА ДЕСЕК ТЕ БОЛҒАНДАЙ. АТАҒЫ АЛЫСТАРДЫ ШАРЛАҒАН ТҮРКІНІҢ ҚОС ТҮЛҒАСЫНЫҢ БІР-БІРІНЕ РИЯСЫЗ ІЛТИПАТЫ КӨПШІЛІКТІ СҮЙСІНТТІ.

Сакит Гулам оғлы Мамедов – Эзербайжан Республикасының Халық суретшісі, профессор, ЮНЕСКО Суретшілер одағының, Дүниежүзілік өнер академиясының, Рим заманауи өнер академия-сының, «Түркі әлемі» өнер академиясының толық мүшесі, Еуропа жаратылыстану ғылымдары акаде-миясының құрметті профессоры, Ватикан тераль-дика академиясының графы.

Оның есім-сойы парасатты өнердің, талмай ізденіс пен еңбектің символына айналған. Ол збәр-жат тастардың сұлулығы мен сан қырлы табиғаты-нан шабыт алып, сурет өнерінде опализм бағыты-ның бағын ашты.

Суретшінің «Естелік картина», «Ойын», «Жатты-ғу», «Фалабаханлар», «Туған күн», «Ленинград есте-ліктері», «Жасасын, Стамбұл!», «Мереке», «Үйлену тойы», «Метро», «№13 автобус», «Әуесқой» және басқа да көптеген шығармасы әлемдік кескіндеменің бірегей жауһарлары саналады. Бұл туындылар қа-зіргі бейнелеу өнерінің ең жарқын үлгілерінің қатарына әлдеқашан еніп, кәсіби өнер қауымдасты-ғының да, кескіндемені бағалайтын қалың көрер-меннің де жоғары бағасына ие болды.

Жалғасы 5-бетте

ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН КРЕДИТ

ТАБЫСЫН ҰҚСАТА АЛМАУ ЖЕКЕ ТРАГЕДИЯ ЕМЕС. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ТҰРАЛАТЫП ОТЫРҒАН ЖҮЙЕЛІ КАТЕЛІК. БҮГІН АЛЫНҒАН ИМПУЛЬСИВТІ НЕСИЕ ЕРТЕҢ ОТБАСЫЛАРДЫҢ ОЙРАНЫН ШЫҒАРЫП, БАНК ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ТІКЕЛЕЙ СОҚҚЫ БОЛАДЫ. БҰЛ ДАҒДАРЫСТАН ХАЛЫҚТЫ ҚҰР СӨЗБЕН СУЫРЫП АЛУ МҮМКІН ЕМЕС. ЖАЛАҢ СӨЗГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН КОНЦЕПЦИЯ КҮЙРЕДІ. ЕНДІГІ БАСЫМДЫҚ – АЗАМАТТЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰЗАҚТАН ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨРІ ЦИФРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАЙТЫН «АҚЫЛДЫ ОРТА» ҚАЛЫПТАСТЫРУ.



Әлемдік тәжірибеде халықтың қаржылық мәдениеті Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арнайы әдістемесі-мен – қаржылық білім, мінез-құлық және көзқарас сияқты үш негізгі компонент бойынша бағаланады. Кейінгі жылдары Қазақстандағы жиынтық индекс өсіп, орташа

алғанда 50-58 пайыз аралығын көрсеткенімен, бұл оң динамика халықтың сауаттылығы барлық бағытта біркелкі артты дегенді біл-дірмейді. Индекссті өрге сүйреп отырған не-гізгі фактор – қолма-қол ақшасыз төлемдер-дің жедел өсімі мен инфляция, пайыздық мөлшерлеме сияқты базалық ұғымдарды

түсінудеңгейі. Ал ең төменгі көрсеткіш ұзақ-мерзімді жоспарлауға тиесілі. Өкінішке қа-рай, бұқараның басым бөлігі ағымдағы қыс-қамерзімді тұтыну шеңберінде қалып, алдағы күнге ауқымды капитал қалыптастырудан кенде түсіп жатыр.

Бүгінде Қазақстан қолма-қол ақшасыз есеп айырысу операциялары, QR-төлемдер мен мобильді банкинг бойынша өңірлік көп-басшыға айналды. Банктердегі депозиттік базаның өсуі де жинақтау дағдысының ал-ғашқы элементтері қалыптаса бастағанын аңғартады. Десе де, цифрлық сервистерді белсенді қолдану әлі сауатты мінез-құлыққа толық ұласа алмай отыр.

Қаржылық сауаттылық тесті бойынша жоғары балл жинаған отандастарымыздың өзі күнделікті өмірде неснелер алуға және кепілсіз қарыздарға батпауға бейім. Бұл «білім-нің» «мінез-құлықты» автоматты түрде өз-гертпейтінін дәлелдейді. Бұған қоса, бағалы қағаздар нарығы мен брокерлік шоттар саны артқанымен, халық акция, облигация және пайлық инвестициялық қорлар сияқты құралдардың механизмін ажырата алмайды. Ал қаржылық алаяқтық пен пирамидалардың жиілеуі – азаматтардың жоғары кіріс пен тәуекел арасындағы пропорцияны дұрыс бағалай алмайтынының көрінісі.

Жалғасы 4-бетте

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАШКЕНТ ФОРУМЫ

ҚЫРКҮЙЕКТІҢ 2-3-І КҮНДЕРІ ТАШКЕНТ ҚАЛАСЫ МЕН ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫНДА «ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ РУХАНИ МҰРАСЫ: ӘДЕБИЕТ – ДӘУІРЛЕР МЕН ҰРПАҚТАР ДИАЛОГЫ» ФОРУМЫ ӨТТІ. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫНА, БІРІНШІ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІНІҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА (БАКУ, 1926 ЖЫЛ) ЖӘНЕ ҰЛЫ ӨЗБЕК АҚЫНЫ ӘРІ ОЙШЫЛЫ ӘЛШЕР НАУАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 585 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН БҰЛ ФОРУМДЫ ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ, ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ, ТАШКЕНТ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ, ӨЗБЕКСТАН МЕН ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҚТАРЫ ЖӘНЕ ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІ МЕН МҰРАСЫ ҚОРЫ ҰЙЫМДАСТЫРДЫ. АЙТА КЕТУ КЕРЕК, БҰЛ – ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАЛЫ БЕРІ ҚАЗАҚ, ӨЗБЕК ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ БАСЫН ҚОСҚАН ТҮҢҒЫШ ФОРУМ.



ҚАРАМАНАСТАҒЫ САЛТАНАТ

Кейінгі жылдарда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы қарым-қаты-нас барынша нығайып келеді. Бұл мәселеге екі ел президенттері Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мир-зиёев ерекше назар аударып отыр.

Жақында бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде Ташкент облысы Бостандық аудан-ныңдағы Қараманас ауылында орна-ласқан №34 мектепке көрнекті қа-

зақ жазушысы, драматург Рахметолла Райымқұловтың есімі берілгені тура-лы хабар тараған болатын. Бұл сүйінші-хабарға жұртшылық ерекше елең ете қалды. Өйткені Өзбекстанда мектептерге кісі аты тек ерекше жағ-дайда, ел Президентінің шешімімен ғана беріледі. Демек, бұл – кіндік қаны Қараманаста тамған Рахметол-ла Райымқұловтың аруағына ғана емес, күллі қазақ қаламгерлеріне көрсетілген құрмет!

Жалғасы 6-бетте

БЫЛТЫР ЕЛІМІЗДЕГІ ФАРМАЦЕВТИКА НАРЫҒЫНЫҢ КӨЛЕМІ 1,3 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АСЫП, БЕС ЖЫЛДА 1,7 ЕСЕ ҰЛҒАЙҒАН. БІРАҚ НАРЫҚТЫҢ 84 ПАЙЫЗЫ – ӨЛІ ДЕ ШЕТЕЛДІК ӨНІМДЕРДІҢ ҮЛЕСІ. АЛ ОТАНДЫҚ ПРЕПАРАТТАР ҚАПТАМА САНЫМЕН ЕСЕПТЕГЕНДЕ 40 ПАЙЫЗҒА ЖҰЫҚ ҮЛЕС АЛСА ДА, АҚШАЛАЙ МӘНДЕ НЕБӘРІ 15-16 ПАЙЫЗ ШАМАСЫНДА ҚАЛЫП ОТЫР. БҰЛ – ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ IQVIA МӘЛІМЕТТЕРІНЕ СҮЙЕНІП ҰСЫНҒАН МӘЛІМЕТІ.

ФАРМАНАРЫҚ: НЕГІЗІ ӘЛСІЗ ӨНДІРІС АЛЫСҚА БАРА АЛА МА?



Яғни, елімізде сатылатын әр он қаптаманың төртеуін қазақстандық кәсіпорындар шығарған. Алайда дә-рі-дәрмекке жұмсалған әр жүз тең-генің шамамен 15-16 теңгесі ғана отандық өндірушілерге тиеді. Демек, отандық кәсіпорындар көпшілік тұ-тынатын, салыстырмалы түрде арзан дәрілерді жеткілікті көлемде шығар-ғанымен, қымбат, технологиясы күрделі, жоғары қосылған құн қал-ыптастыратын дәрі нарығында импортқа тәуелдіміз.

Халықаралық талаптарға сай реттеу жүйеміз, GMP стандартын меңгерген зауыттарымыз бар, инвес-тиция ағыны да қарқын алып келеді. Неліктен әлі күнге дейін дәрі-дәрмек импортына тәуелдіміз? 2029 жылға қарай өзіміз шығарған дәрі-дәрмек-тің нарықтағы ақшалай үлесін 50 пайызға жеткізуді мақсат етіп отыр-мыз, оған жете аламыз ба?

ӨНДІРІС БАР, ӨНІМ...

Ресми статистикаға қарасақ, отан-дық фармацевтика бір орында тұ-ралап қалған жоқ. 2025 жылы елі-міздегі фармацевтикалық өнім өн-дірісі 191,1 миллиард теңгеге жетіп, бір жылда 8,7 пайыз өсті. Салаға 142,8 миллион доллар инвестиция салын-ды, экспорт 84 миллион долларға жетті.

Жалпы, елімізде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар шыға-ратын 209 отандық тауар өндіруші тіркелген. Бірақ олардың тек 43-і дәрі өндіреді, қалған 166 кәсіпорын ме-дициналық бұйымдар шығарады екен. Бұл мәліметтер Медициналық және фармацевтикалық бақылау ко-митетінің ресми есебінде жариялан-ды. Демек, «Қазақстанда 200-ден ас-

там фармацевтикалық кәсіпорын бар» деген жалпылама көрсеткіш са-ланың нақты құрылымын толық ашып көрсетпейді. Тіпті бұрмалайды десек те артық емес. Дәрі өндірісінің технологиялық тізбегіне тікелей қатысатын компаниялар саны бұдан әлдеқайда аз.

Саладағы өсім биыл да жалғасты. Бірінші жартыжылдықта дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдар өндірісі 126,6 миллиард теңгеге жетіп, алдың-ғы жылдың осы кезеңімен салыстыр-ғанда 30 пайызға жуық көбейді. Қа-зақстандық компаниялар өндірген және тіркелген өнімдер саны 2 994-ға жеткен. Отандық тауарлардың зат-тай үлесі тамызда 40,3 пайыз болды. Үкімет жариялаған соңғы шолуда осы көрсеткіштер келтірілген.

Инвестиция көлемінің өсуі де назар аударарлық. 2023 жылы фар-мацевтикалық өндіріске 46,9 миллион доллар салынса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 91,3 миллион долларға, 2025 жылы 142,8 миллион долларға жетті. Үш жылдың ішінде инвестиция үш еседен астам көбейген.

Алайда дәл осы кезеңде отандық өнімнің ақшалай үлесі айтарлықтай өзгермеді: 2023 жылы – 14,4 пайыз, 2024 жылы – 15,1 пайыз, 2025 жылы – 15 пайыз. Яғни инвестиция кө-бейіп, өндіріс ұлғайғанымен, ішкі нарықтағы табысы жоғары сегмент-терде айтарлықтай өсім әлі байқал-майды. Ақшалай және заттай үлес-тердің айырмасын Денсаулық сақтау министрлігі де мойындап отыр.

Осылайша, мемлекет қолдау көр-сетіп отырған өндіріс саясаты өзирге нарықтың сапалық құрылымын өз-гертуге жеткілікті.

Жалғасы 2-бетте

